



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Валюта нарығы бойынша ақпараттық хабарлама

2022 жылғы 9 наурыз

Жаһандық қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың күшеюі аясында және ішкі валюта нарығындағы ахуалдың тұрақсыздануына жол бермеу мақсатында 9 наурызда KASE биржа алаңындағы сауда-саттық Франкфурт аукционы нысанында өтті.

Франкфурт аукционы тетігі аукционның түпкілікті бағасын айқындауға мүмкіндік береді, ол бойынша мәмілелердің барынша жоғары ықтимал көлемі жасалады және негізсіз құбылмалылықтың алдын алуға бағытталады.

Аукцион қорытындысы бойынша теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 510,00 теңге деңгейінде қалыптасты. Сауда-саттық көлемі 210,7 млн АҚШ долларын құрады. ҚРҰБ валюталық интервенциялары 198,9 млн АҚШ доллары, ҚРҰБ қатысу үлесі 94,4% болды.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты келесі телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz